ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 02 қазан №2301-23-00-2/1668 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья А.Е.Султангалиева,
сот отырысының хатшысы Р.М.Исембаева болып,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Қызылқоға аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны,

ЖАУАПКЕР:
«AMINA PROFF» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі,

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы,
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы,

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі А.М.Шамилова,
прокурор М.Қыстаубаева,

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

Сотта анықталғандай, 2023 жылғы 24 мамырда тараптар мемлекеттік сатып алу туралы №150 келісім-шартқа (келесіде – шарт) қол қойған.

Шарт бойынша жауапкер шартқа қол қойған күннен бастап, 30 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2023 жылғы 22 маусымға дейін талап қоюшыға 18 900 теңгеге «тұрмыстық электр өтегін»әкелуге міндеттенген.

Алайда, шартта көзделген мерзімде жауапкер тауарды жеткізбеген.

Талап қоюшы сотқа талап арыз жолдап, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған. Талап қоюшы өз талабын жауапкердің тараптар арасында жасалған мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарты (келесіде – шарт) бойынша өз міндеттемелерін орындамауымен негіздеген.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі талап қоюды қолдап, қызмет әлі күнге дейін орындалмағанын, жағымсыз салдарының бар екенін түсіндіріп, талап қою арызын сұрады.

Сот отырысының өтетін орны мен уақыты туралы хабарлы болғанымен, жауапкер сот отырысына келген жоқ.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігінің талабына сай, сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылған іске қатысатын тұлғалардың қайсыбірі келмеген жағдайда, егер олардың келмеу себептері дәлелсіз деп танылса, сот істі қарауға құқылы.

Сот, жауапкер өкілінің сот отырысына қатыспауын дәлелсіз деп танып, істі жауапкер өкілінің қатысуынсыз қарады.

Прокурор талап қою арызы қанағаттандырылуға жататынын туралы қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап қою бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (келесіде – АК) 272, 277-баптарына сәйкес міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың <u>тізілімі</u> өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін орындамауы талап қоюшының сотқа талап қоюмен жүгінуіне негіз болды.

Талап қоюшының уәждеріне сәйкес жауапкер шарт бойынша алған міндеттемелерін орындаған жоқ, шарт жасалған күннен бастап тиісті қызмет жеткізген жоқ.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сай, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы аталған міндетін орындап, сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен 2023 жылғы 21 шілдеде жүгінген.

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 08.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 09.11.2023, судья Султангалиева А. Е., 09.11.2023

Көрсетілгендердің негізінде, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы сотта талап қоюы негізді және қанағаттандырылуға жатады.

№2 талап қою бойынша

Тапсырыс берушінің мердігерден тұрақсыздық айыбын өндіру құқығы, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 292-293, 298-баптарына сәйкес келеді.

Шарттың 7.3-тармақшасында, жұмыстардың орындау мерзімі өткен жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігер міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда Мердігерден мерзімі өткен әрбіп күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстап қалады (өндіріп алады) немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстап қалады (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімақының) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасынан 10% артық болмауы тиіс.

Талап қоюшы айыппұл мөлшерін 2022 жылғы 23маусым мен 2023 жылғы 21 шілде аралығындағы 18 күн үшін 340 теңге деп есептеген.

Сот, бұл есепті дұрыс деп санайды. Мұндай жағдайда, сот, №2 талап қою қанағаттандырылуға, жауапкерден мемлекет кірісіне 340 теңге тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады деген тұжырымға келеді.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 725 теңге және 10 теңге, барлығы 1735мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-ніңі223-226,229 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Қызылқоға аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «AMINA PROFF» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралыталап қою арызы – қанағаттандырылсын.

Жауапкер «AMINA PROFF» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «AMINA PROFF» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіненмемлекет кірісіне 340 (үш жүз қырық) теңге тұрақсыздық айыбын, 1 735 (бір мың жеті жүз отыз бес) теңгемемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 08.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 09.11.2023, судья Султангалиева А. Е., 09.11.2023

алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Е.Султангалиева
Көшірмесі дұрыс. Судья А.Е.Султангалиева

Анықтама: Сот шешімі «09» қараша 2023 жылы заңды күшіне енді.
Судья А.Е.Султангалиева

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 08.10.2023
Заңды күшіне енген күні: 09.11.2023, судья Султангалиева А. Е., 09.11.2023
2301-23-3-1/1932